

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 13 қантардағы № 21 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 қантарда № 31702 болып тіркелді.

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының заңының 9-бабы 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығының және кейбір бұйрықтарының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алушын мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры

Б. Асылов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы мониторинг
агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік күзет қызметі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сот әкімшілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігі

(Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы

Бас Прокуроры

2023 жылғы 13 қаңтардағы

№ 21 бұйрығына

1-қосымша

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қолжетімділік, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қолжетімділік, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мыналарды:

1) қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, іздестіру істері атқарушылық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу шенберінде ақпарат алу үшін құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдарды қызметкерлерінің (бұдан әрі – пайдаланушылар) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен (бұдан әрі – ҚАО ААЖ) мәліметтерді қалыптастыру тәртібін;

- 2) пайдаланушылардың ҚАО ААЖ-ға қолжетімділігін ұйымдастыру тәртібі;
- 3) ҚАО ААЖ арқылы алынған мәліметтерді пайдалану, сақтау, қорғау және жою тәртібін анықтайды.

Ескіртпе: "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-1-бабының 1-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Заң) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен оларға жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты өзге органдардың алу негіздері айқындалады.

Заңының 16-2-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарының және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен жария емес тергеу әрекеттері мен жедел-іздестіру қызметін жүргізу үшін, сондай-ақ оларға жүктелген өзге де міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты алу негіздері айқындалады.

Заңының 16-2-бабының 5 тармағына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл үшін қажет ақпаратты алу негіздері айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2-тарау. ҚАО ААЖ-дан мәліметтерді қалыптастыру тәртібі

2. ҚАО ААЖ-дан мәліметтерді қалыптастыруды ҚАО ААЖ тіркелген пайдаланушылар осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген ҚАО ААЖ-дың рөлдерін негіздер бойынша бөлу тізбесіне (бұдан әрі – Рөлдер тізбесі), осы Қағидалардың 2-қосымшасына сервистерге (бұдан әрі – Қолжетімділік құқықтары) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландыруыш орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) құралдарын қолдана отырып, Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сервистері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-тарауының баптары бойынша қолжетімді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. ҚАО ААЖ-дан мәліметтерді қалыптастыру үшін негіз қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, іздестіру істерінің, әкімшілік құқық бұзуышылық туралы істің немесе атқарушылық іс жүргізудің нөмірлері көрсетілген сұрау салу болып табылады.

4. ҚАО ААЖ-дан мәліметтерді электрондық құжат нысанында қалыптастыруға сұрау салу қағаз тасымалдағыштағы құжатқа тең.

5. Сұрау салудың негізділігі оператор – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен (бұдан әрі – ҚСжАЕК) ҚСжАЕК-нің ақпараттық жүйелерінде, атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АІО ААЖ) пайдаланушиның іс жүргізуінде осы Қағидалардың 23-тармағын қоспағанда, сұрау салуга бастама жасауға негіз болған материалдардың болуын салыстыру арқылы тексеруге жатады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері (бұдан әрі – МО АЖ) арқылы электрондық ақпараттық ресурстардан мәліметтерді алу МО АЖ және ҚАО ААЖ-ны ықпалдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Интеграция кезінде Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларының талаптары сақталады.

3-тaraу. Пайдаланушылардың ҚАО ААЖ-ға қолжетімділігін үйимдастыру тәртібі

7. Пайдаланушыларға ҚАО ААЖ-ға қолжетімділік осы Қағидалардың 4-қосымшасында баяндалған ҚАО ААЖ-мен жұмыс істеу үшін жағдайлар сақтаған жағдайда беріледі.

8. Сұрау салулардың негізділігін қамтамасыз етуге, ҚАО ААЖ-дан алынған электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс жасауды және оларды қолдануды үйимдастыруға жауапты лауазымды адамдарды (бұдан әрі – лауазымды адамдар) пайдаланушылар органдардың басшылары айқындайды.

9. Лауазымды адамдар ҚАО ААЖ-дағы сұрау салулардың негізділігіне ведомствоның бақылауды қамтамасыз етеді.

10. Ведомствоның бақылау пайдаланушылардың барлық сұрау салулары көрсетілетін "Есептер" функционалы арқылы сұрау салулардың кезеңдік мониторингінде, бірақ айына кемінде бір рет жасалады.

Оператормен "Есептер" функционалына қол жеткізуді бірінші басшының орынбасары немесе оның міндетін атқарушы адам немесе құрылымдық бөлімшесінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қойған органының дәлелді хаты бойынша ұсынылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарын (бұдан әрі – Бірыңғай талаптар), сондай-ақ пайдаланушымен бұзған жағдайда көрсетілген осы Қағидаларда көрсетілген талаптар лауазымды адамдар қолжетімділікті бұғаттау, Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген жауаптылық туралы мәселені қарау бойынша шараларды қабылдайды.

12. Пайдаланушы ҚАО ААЖ порталы арқылы операторға, осы Қағидалардың 5-жылдық шарттық мөдделінен бойынша ҚАО ААЖ-да тіркеуінің болуын анықтайтын немесе ҚАО ААЖ-ның порталы арқылы ҚСЖАЕК-де тіркеуден көрсетілген ЭЦҚ құралдарымен қол қойылған тіркеуден дәлелді бас тартуды жібереді. Пайдаланушы бұғаттауға Өтінімді алған кезде оператор осы пайдаланушиның қолжетімділігін дереу бұғаттайтынды.

13. Оператор өтінім келіп түскен сәттен бастап бір тәулік ішінде өтінімге сәйкес пайдаланушиның ҚАО ААЖ-дағы рөлін, пайдаланушиның ҚАО ААЖ-да тіркеуінің болуын анықтайтын немесе ҚАО ААЖ-ның порталы арқылы ҚСЖАЕК-де тіркеуден көрсетілген ЭЦҚ құралдарымен қол қойылған тіркеуден дәлелді бас тартуды жібереді. Пайдаланушы бұғаттауға Өтінімді алған кезде оператор осы пайдаланушиның қолжетімділігін дереу бұғаттайтынды.

14. Басқа лауазымға немесе бөлімшеге ауыстыру себебінен пайдаланушиның құқықтарын өзгерген жағдайда, пайдаланушы бұйрыққа қол қойылған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде ҚАО ААЖ порталы арқылы электрондық өтінім жіберіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Пайдаланушы жұмыстан шығару, лауазымынан шеттетілген жағдайда, лауазымды адам бұйрыққа қол қойылған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде пайдаланушины бұғаттауға арналған өтінімді ҚАО ААЖ порталы арқылы жібереді.

Арнайы мемлекеттік органды қоспағанда, құқық қорғау және өзге де органдың кадр бөлімшесінің ақпараттық жүйесімен ҚАО ААЖ интеграциясы болған кезде пайдаланушины жұмыстан шығару, басқа лауазымға ауыстыру, лауазымынан шеттету туралы хабарлама автоматты түрде жіберіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Егер пайдаланушы 60 күннен артық ҚАО ААЖ-да сұрау салуларды жүргізбесе, есептік жазба автоматты түрде бұғаттауға жатады.

17. Бірінші кірісте, осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша пайдаланушы ЭЦҚ құралдарымен ҚАО ААЖ-ны пайдалану шарттарына келісімге (бұдан әрі – Келісім) қол қояды. Электронды қол қойылған Келісім және оған қол қойылған күні ҚАО ААЖ-да тіркеледі.

4-тарау. ҚАО ААЖ арқылы алынған мәліметтерді пайдалану, сактау, қорғау және жою тәртібі

18. ҚАО ААЖ-ға кіру пайдаланушиның ЭЦҚ мен пайдаланушиң биометриясын тексеруді (саусақ іздері немесе Face ID) немесе тіркеу кезінде пайдаланушы көрсеткен ұялы телефон нөміріне жіберілетін SMS-кодты қоса алғанда, көп факторлы аутентификация рәсімі өтуінен басталады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Аутентификацияны сәтті өткен және электрондық нысанда қол қойылған Келісім болған жағдайда пайдаланушы ҚАО ААЖ-ға қолжетімділікті, сондай-ақ ҚАО ААЖ-да жүзеге асырылған сервистер бойынша сұрау салуды жіберу мүмкіндігін алады.

20. Жеке және заңды тұлға туралы мәліметтерді алу үшін пайдалануши рөлдер тізбесіне және сервистерге қолжетімділік құқықтарына сәйкес қылмыстық, іздестіру, азаматтық, әкімшілік іс, атқарушылық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу шенберінде ҚАО ААЖ-ға сұрау салу жібереді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Қылмыстық іс шенберінде сұрау салу жіберген кезде пайдалануши, оның ішінде тергеу-жедел топтарының мүшелері ҚСЖАЕК-нің ақпараттық жүйесі берілген қылмыстық істің нөмірін көрсетеді.

22. Тергеу тапсырмаларын және сот қарап жатқан қылмыстық іс бойынша қосымша мәліметтерді жинау туралы прокурордың тапсырмаларын орындаған жағдайда, қылмыстық іс нөмірінің және тиісті тапсырманың шығыс нөмірі толтырылады.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық тапсырмаларды орындаған кезде пайдаланушисы тапсырманың шығыс нөмірін, тапсырманы жіберген органды, сондай-ақ тапсырманы орындау туралы шешімді қабылдаған Қазақстан Республикасы уәкілетті органының ілеспе хатының шығыс нөмірін көрсетеді.

Бұл жағдайларда, қылмыстық іс шенберінде көзделген көлемде мәліметтерге қолжетімділік ұсынылады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Пайдалануши сұрау салу жіберген кезінде, ҚСжАЕК-нің ақпараттық жүйесімен берілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің нөмірін көрсетеді.

24. Сот органдары қаралып отырған қылмыстық, әкімшілік, азаматтық істердің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да ерекше жағдайлардың шеңберінде "Төрелік" автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінің (бұдан әрі – "Төрелік" ААТЖ) ҚАО ААЖ-мен өзара іс-қимылы арқылы ҚАО ААЖ-ның электрондық ақпараттық жүйелеріне қолжетімділікті алады.

25. Сот органдары Азаматтық, әкімшілік істердің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің шеңберінде сұрау салу жіберген кезде, пайдалануши "Төрелік" ААТЖ-да тіркелген азаматтық, әкімшілік істердің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің нөмірін, есепке алу жылын, шешім қабылдаған сот органын көрсетеді.

26. Іздестіру ісі шеңберінде сұрау салу жіберген кезінде пайдалануши ҚСжАЕК-нің ақпараттық жүйесімен берілген іздестіру ісінің нөмірін көрсетеді.

27. Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде сұрау салу жіберген кезінде пайдалануши АІО ААЖ-нің жүйесімен берілген атқарушылық іс жүргізудің толассыз нөмірін көрсетеді.

28. ҚАО ААЖ-ны пайдалану процесінде барлық параметрлерді тіркеу Астана қаласының уақыты бойынша жүргізіледі.

29. Пайдаланушылар сұрау салудың негізділігін, дербес деректер мен оларды қорғау туралы заңнаманың, заңмен қорғалатын өзге де құпиялардың сақталуын, сондай-ақ олардың тек сұрау салуда мәлімделген мақсаттарда ғана қолданылуын қамтамасыз етеді.

30. ЭЦК-ның құралдарын басқа адамдарға беруге жол берілмейді.

31. ҚАО ААЖ-дан мәліметтер алғаннан кейін пайдаланушылар олардың құпиялышының қамтамасыз етеді.

32. ҚАО ААЖ-мен жұмыс жасаған кезінде пайдалануши осы Қағидаларда көрсетілген Бірыңғай талаптар мен талаптарды сақтайды.

33. ҚАО ААЖ-дан алынған, дербес деректерге жататын деректерді заңсыз жинағаны және өндегені, сондай-ақ мәліметтерді жария еткені үшін пайдаланушиға Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген жауаптылық жүктеледі.

34. ҚАО ААЖ операторы ҚАО ААЖ әкімшілендіруді жүзеге асырады, оның шеңберінде мыналарды:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды сақтау;

2) ҚАО ААЖ пайдалануды, сұйемелдеуді, дамуын, мониторингісін жүзеге асыруды;

3) ҚАО ААЖ-нің үздіксіз және тиісінше жұмыс істеуін, сондай-ақ қорғалуын;

- 4) ҚАО ААЖ-де электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін;
- 5) ҚАО ААЖ-нің анықталған кемшіліктеріне жедел ықпал етуді және оларды жою бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Пайдаланушылардың тиісінше жұмыс істеуіне, олардың тіркелуіне, сұрау салулардың негізділігін қамтамасыз етуге, ҚАО ААЖ-дан алынған электрондық ақпараттық ресурстармен, жұмысты ұйымдастыруға, оларды пайдалануға, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауапты ҚАО ААЖ операторының лауазымды адамдарын ҚСжАЕК-нің төрағасы айқындайды.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Пайдаланушыларға қолжетімділік апattyқ жағдайлар кезіндегі тоқтап тұру уақытынан немесе ҚАО ААЖ-ның порталында жарияланған жоспарлы техникалық жұмыстарды жүргізуден басқа, тәулік бойы ұсынылады.

37. Пайдаланушылардың барлық сұрау салулары оқиғаларды тіркеу журналында (бұдан әрі – ҚАО ААЖ-ның Log-журналы) тіркеледі.

38. ҚАО ААЖ-ның Log-журналын толтыру кезінде деректер толтырылуына қарай архивтелінеді. Архив ҚАО ААЖ-ның бүкіл жұмысы кезіндегі сұрау салулар және оларды өндеу нәтижелері туралы деректерді қамтиды.

39. Хабарламаларды жіберудің бір сағаттан астам кідіруіне әкеп соғатын апattyқ жағдайдың барлық оқиғалары ҚАО ААЖ-ның Log-журналында тіркеледі.

40. Көзделмеген және апattyқ жағдайлар туындаған кезде оператор оларды анықтау және жою үшін тиісті шараларды қабылдайды. ҚАО ААЖ-га қолжетімділіктің бір сағаттан астам кідіртілуіне әкеп соғатын барлық көзделмеген және апattyқ жағдайлар туралы пайдаланушы операторға ҚАО ААЖ-ның порталында көрсетілген байланыс телефондары мен электрондық пошта арқылы хабарлайды.

41. Оператор өз кезегінде көзделмеген немесе апattyқ жағдайлардың туындау фактісін басталу күнін, уақытын, себептерін және кешіктіруді жою бойынша қабылданған шараларды көрсете отырып, осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Төтенше жағдайлар журналында тіркейді.

42. ҚАО ААЖ-дағы жоспарланған техникалық жұмыстардың уақыты туралы хабарландыру (оның ішінде сөндіру, өзгерту, жаңарту және басқа әрекеттер) ҚАО ААЖ-ның порталында жарияланады.

43. Егер ҚАО ААЖ-ға қолжетімділікті алуға Өтінімде көрсетілген мәліметтер дұрыс емес, толық емес немесе өзекті емес болса, ҚАО ААЖ-ның операторы пайдаланушыға ҚАО ААЖ-ға қолжетімділікті тіркемейді және ұсынбайды.

44. Оператор Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 34-бабының 5-бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа, пайдаланушылар және олар жүргізген сұрау салулар туралы жеке ақпаратты таратуға жол бермейді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

45. ҚАО ААЖ-ның әкімшілендіру шенберінде пайдаланушы осы Қағидаларда көрсетілген Бірыңғай талаптар мен талаптарды бұзушылықтары анықталған кезде оператор анықталған бұзушылық туралы кейін прокурорды және тиісті органның пайдаланушысының басшылығын хабардар ете отырып, қолжетімділікті дереу бүфаттайты.

46. Операторға ҚАО ААЖ-дан алынған ақпаратты заңсыз жинауға және өндеуге, сондай-ақ мәліметтерді жария етуге жол берілмейді.

47. ҚАО ААЖ-дан алынған мәліметтер, олардың негізінде сұратылған материалдарда сақталады. Осындай мәліметті көшіруге, алуға, кейіннен беруге, таратуға тыйым салынады.

48. Мәліметтерді сақтау мерзімдері, шарттары негізгі материалдың мазмұнына қарай анықталады. Ақпарат тиісті материалдармен бірге жойылуға жатады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

49. ҚАО ААЖ-дан алынған, жергілікті құрылғыға жүктелген мәліметтердің электронды көшірмелері дереу жойылуға жатады.

50. Электронды сұрау салулар және оларды өндеу нәтижелері үнемі ҚАО ААЖ-да сақталады.

51. Прокурор "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – "Прокуратура туралы" Конституциялық заң) 17-бабымен белгіленген шекте және нысандарда пайдаланушылардың ҚАО ААЖ-дан мәліметтер алуының заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Пайдаланушылардың ҚАО ААЖ-дан мәліметтер алуының заңдылығын сақтау мәселесі бойынша тексеру жүргізу үшін прокурор тиісті қаулы шығарады.

52. Прокурор ҚАО ААЖ-дан алынған мәліметтердің заңдылығын қадағалауды жүргізген кезде, оператордан көрсетілген органдардың пайдаланушылары жіберген, ҚАО ААЖ-дан алынған ақпарат туралы мәліметтерді сұратуға құқылы.

Оператор тексеру жүргізу туралы қаулыны не сұрау салу үшін негіз болған өзге құжатты қоса бере отырып, сұрау салу негізінде прокурорға ақпарат береді

53. Тексеруді жүргізу барысында пайдаланушылардың мәліметтерді заңсыз алу фактілері анықталған кезде, сондай-ақ анықталған оператордан осы Қағидалардың Біріңғай талаптар мен талаптарының бұзушылықтары туралы пайдаланушылардан ақпарат келіп түскенде, прокурор "Прокуратура туралы" Конституциялық заңының 32-бабы 2-тармағына сәйкес прокурорлық қадағалау шараларын және Қазақстан

Республикасының қылмыстық және әкімшілік заңнамасында көзделген басқа да шараларды қабылдайды.

Күккүй көрғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қолжетімділік, оларды пайдалану, сактау, көрғау және жою қағидаларына
1-қосымша

ҚАО ААЖ-дың рөлдерін негіздер бойынша бөлу тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

№	Пайдалану шы	Қылмыстық іс	Әкімшілік іс/ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс (Сот);	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс (КСжАЕК)	Азаматтық іс (сот)	Атқарушыл ық іс жүргізу (4-нысан)	Іздестіру ісі
		1	2	3	4	5	6
1.	Прокурор	+	+	+	+	+	
2.	Судья	+	+		+	+	
3.	Ішкі істер органдарының қылмыстық тургешісі (бұдан әрі – ПО)	+		+			
4.	Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік органдарының қылмыстық тургешісі (бұдан әрі – ҰҚО)	+		+			
	Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлық қақарсы іс-кимыл агенттігінің (Сыбайлас						

5.	жемқорлық қа қарсы қызмет) тергеушісі (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық қа қарсы қызмет)	+		+			
6.	Қазақстан Республика с ы Қаржылық мониторинг агенттігінің тергеушісі (бұдан әрі – КМА)	+		+			
7.	ПО-ның анықтаушы сы	+		+			
8.	ҰҚО-ның анықтаушы сы	+		+			
9.	Мемлекетті к қүзет қызметінің анықтаушы сы	+		+			
10.	Сыбайлас жемқорлық қа қарсы қызметінің офицері	+		+		+ (есепке алу-тіркеу тәртібі)	
11.	КМА-ның офицері	+		+		+ (есепке алу-тіркеу тәртібі)	
12.	Қорғаныс министрлігі нің (Қарулы Күштердің әскери полициясы Б а с басқармасы) қызметкері	+		+		+ (есепке алу-тіркеу тәртібі)	
13.	ПО-ның қылмыстық- атқару жүйесі қызметкері	+		+			

14.	Төтөншө жағдайлар министрлігі н ің қызметкери	+		+			
15.	ҰҚО-ның қызметкери, әскери қызметшісі	+		+			+
16.	С о т орындаушысы				+		
17.	Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкери	+				+	
18.	ПО-ның әкімшілік полиция қызметкери (айдауыл қызметі, арнайы мекемелердің және қоғамдық тәртіпті қорғауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелердің қоспағанда)		+				
19.	ПО-ның криминальдық полиция қызметкери	+		+			+
20.	Кадр қызметінің қызметкери						
21.	Кезекші бөлімнің қызметкери						+

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың акпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға колжетімділік, оларды

пайдалану, сактау, корғау
және жою қағидаларына
2-қосымша

Сервистерге қолжетімділік құқықтары

ЕскеRTу. 2-қосымша жаңа редакцияда – КР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

№	Сервистердің атапуы	Қылмыстық іс	Әкімшілік іс / әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс (КСЖАЕК)	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс (Азаматтық іс)	Азаматтық іс жүргізу (4 нысан)	Атқарушылдық іс жүргізу (4 нысан)	Іздестіру ісі
		1	2	3	4	5	6
1.	"Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы	+	+	+	+	+	+
2.	"Занды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы	+	+	+	+	+	+
3.	"Жылжымайтын мұлік регистрі" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
4.	"Жер участкесі" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
5.	"Көлік құралдары" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
6.	"Тіркелген кару" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
7.	"Теміржол көлігі" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
	"Шағын өлшемді						

8.	және өзен кемелері" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
9.	"Теңіз кемелері" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
10.	"Ауылшаруа шылық техникасы" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
11.	"Зейнетакы аударымдары" деректер базасы ¹	+	+қылған	+қылған	+қылған	+	+
12.	"Мүгедектік" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
13.	"Әлеуметтік көмек" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
14.	"Еңбек нарығы" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
15.	Тұлғалардың ХҚКО-дан алған қызметтері туралы мәліметтер	+	+	+	+	+	+
16.	"Арнайы есепке алу" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
17.	"Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
18.	"Атқарушылдық іс жүргізу"	+	+	+	+		+

	деректер базасы					+ + + +	
19.	"С о т органдарын ың" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
20.	"С о т карточкалар ы" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
21.	"Ж о л қозғалысы ережелерін бұзу" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
22.	"Талаптар"	+	+	+	+	+	+
23.	" Криминалд ық автокөлік" деректер базасы	+	+	+			+
24.	" Криминалд ық қару" деректер базасы	+	+	+			+
25.	"Жол-көлік оқиғаларын ың есебі" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
26.	Мемлекетті к қызметкерге сұрау салу	+			+	+	+
27.	Халықты құжаттау жүйесінен сурет	+	+	+	+	+	+
28.	Халықты құжаттау жүйесінің 1- нысаны	+	+	+	+	+	+
29.	"Жүргізуші куәлігі" деректер базасы	+	+	+	+	+	+

30.	"Е-Нотариат " деректер базасы	+			+	+	+	+
31.	"Тұлғалар өтініштеріні ң бірыңгай есебі" деректер базасы	+	+	+	+	+	+	+
32.	"Азаматтық х а л актілерін жазу" деректер базасы	+	+	+	+	+	+	+
33.	Қазақстан Республика с ы азаматтары н ы ң мемлекеттік шекарадан өтуі	+	+	+	+	+	+	+
34.	Шет елі азаматтары н ы ң мемлекеттік шекарадан өтуі	+	+	+	+	+	+	+
35.	"Салық төлеушілер д і н " деректер базасы	+	+	+	+	+	+	+
36.	Салық берешегі туралы мәліметтер	+	+	+	+	+	+	+
37.	Қарсы тексерулер туралы мәліметтер2	тек белгілі баптар бойынша						
38.	ҚҚС төлеушілер туралы мәліметтер2	тек белгілі баптар бойынша						
39.	Салық есептілігі							

	туралы мәліметтер (СЕТМ)2	тек белгілі баптар бойынша					
40.	Контрагент т е р бойынша мәліметтер ²	тек белгілі баптар бойынша					
41.	" Е-лицензия лау " деректер базасы	+	+	+	+	+	+
42.	" Электрондық мемлекеттік сатып алулар" деректер базасы	+	+	+	+		+
43.	"Сыртқы экономика қызметіне катысушыл ар" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
44.	" Жолаушылар кедендік декларация лары бойынша мәліметтер" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
45.	"Көлік құралына декларация лар бойынша мәліметтер" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
46.	"Шетелдік жұмыс күші" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
	" Монополистер туралы						

47.	мәліметтер" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
48.	"Же ^р қойнауын (көмірсүтегі шикізаты) пайдалануға келісімшарт тар туралы мәліметтер" деректер базасы	+	+	+	+	+	
49.	"Же ^р қойнауын (кітті пайдалы қазбалар және жерасты сулары) пайдалануға келісімшарт тар туралы мәліметтер" деректер базасы	+	+	+	+	+	
50.	" Тексерулер ді есепке алу" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
51.	Бюджетке түсімдер туралы мәліметтер	+	+	+	+	+	+
52.	"Қазақстан теміржолы" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
53.	" Қазактелеком" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
54.	"Тергеуден/ анықтаудан жасырынға ндар" деректер базасы	+	+	+	+	+	+

	"Хабар-ошар сыз жоғалғанда р" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
55.	"Борышкерл ер және жауапкерле р" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
56.	"Шетелдік жұмысшыла рдың бұзулары" деректер базасы	+	+	+	+	+	+
57.	Жылжымай тын мұлікке тыйым салу	+	+	+	+	+	
58.	Занды тұлғаға (филиал, өкілдік) тыйым салу	+				+	
59.	Жеке тұлғаның қатысуына тыйым салу	+				+	
60.	Көлік күралдарын а тыйым салу	+				+	
61.	Шетел азаматтары н елден шығару рәсімін бақылау	+	+	+	+	+	+
62.	Мемлекеттік сатып алулардың жауапсыз қатысушыл арын тексеру	+	+	+	+	+	+
63.	Мекенжайл ар мен	+	+	+	+	+	+
64.		+	+	+		+	

	байланыс телефондарын іздеу				+ + + +		
65.	Мемлекеттік қызметшілер туралы мәліметтер	+					
66.	Техникалық байқаудан өту	+	+	+	+	+	
67.	Жер участкесіне ауыртпалық салу/алу					+	
68.	Пошта жіберілімдері	+					
69.	ЖОО-лардың студенттері мен тұлектері туралы мәліметтер	+		+		+	
70.	Этил спиртінің және/немесе шарап материалының өндірісі және айналымы жөніндегі декларация туралы мәліметтер ²	тек белгілі баптар бойынша					
71.	Алкоголь өнімінің өндірісі және айналымы жөніндегі декларация туралы мәліметтер ²	тек белгілі баптар бойынша					

72.

Алкоголь
өнімінің
айналымы
жөніндегі
декларация
туралы
мәліметтер²

тек белгілі

		баптар бойынша					
73.	Мұнай өнімдері жөніндегі декларация туралы мәліметтер (2-нұсқа) ²	тек белгілі баптар бойынша					
74.	Мұнай өнімдері жөніндегі декларация туралы мәліметтер (3-нұсқа) ²	тек белгілі баптар бойынша					
75.	Жеке тұлғаны диспансерлік есепке алу туралы маліметтер (Д-есепке алу туралы)	+ + + + +					
76.	Қазақстан Республикасы на уақытша келетін шетел азаматтарын тіркеу	+ + + + + +					
77.	Шетел азаматтары на және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасында тұрақты мекендеуге рұқсаттарды тіркеу және беру;	+ + + + + +					
78.	Шетел азаматтары на жеке тұлғаларда еңбек қызметін	+ + + + +					

	жүзеге асыруға рұқсат беру					+ +	
79.	Казақстан Республкас ының аумағынан тұрақты мекендеуге шығуға құжаттарды рәсімдеу	+	+	+	+	+	+
80.	Казақстан Республкас ынан жеке істері бойынша шығуға шакыруды рәсімдеу	+	+	+	+	+	+
81.	Шетелдікте рге және азаматтығы жоқ тұлғаларға шекара маны аймактарын а шығуға өткізу кағазын беру	+	+	+	+	+	+
82.	1-денгейдегі өзара байланыста р	+					
83.	2-денгейдегі өзара байланыста р	+					
84.	"Қандас" автоматтанд ырылған ақпараттық жүйесі	+	+	+	+	+	+
85.	Сотталғанда р туралы мәліметтер (+					+
	ҚАЖК)						
	Интерпол – " Криминалд						

	ы қ автомотокө л і к құралдары" деректер коры	+					+
86.	Интерпол – "Іздестіріліп жатқан қылмыскерл ер, оның ішінде террористер ,, хабар-ошар с ы з жогалғанда р және жедел есепте тұрған адамдар" деректер коры	+					+
87.	Интерпол – " жымқырылғ ан/жогалған құжаттары" деректер коры	+					+
88.	Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуш ы л а р туралы мәліметтер	+	+	+	+	+	+
89.	Банктік шоттардың жән е олардағы а қ ш а қаражатыны н болуы	+			+	+	+
90.	Бірінші кредиттік бюроның кредиттік тариҳы туралы мәліметтер	+					
91.		+					

92.	МобиЛЬді азаматтар базасы	+				+	+
93.	Ресімделген және (немесе) броньга қойылған авиабилетте р туралы мәліметтер	+					+

Ескертпе:

¹ Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталық (бұдан әрі – ЗТМО) қыылған сервисі – ЗТМО түсімдерінің мөлшерін көрсетпей;

² Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сервистері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-тарауының баптары бойынша қолжетімді.

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қолжетімділік, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидаларына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің экономикалық құқық бұзушылықтар бойынша баптарының тізбесі

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қолжетімділік, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидаларына
4-қосымша

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен жұмыс істеу үшін жағдайлар

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен (бұдан әрі – ҚАО ААЖ) жұмыс жасау үшін жеке тұлғалардың биометриялық оқырмандағы немесе веб-камерадағы, ұялы телефондағы қорғалған ақпарат жеткізгіште Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландыруши орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦК) құралдарының болуы қажет.

ҚАО ААЖ-мен жұмыс жасауға арналған дербес компьютерлерге қойылатын минималды талаптар:

- 1) тактілі жиілігі кемінде 3.1 GHz процессор;
- 2) қатты дисктің бос көлемі кемінде 80 Gb;
- 3) жедел жады кемінде 4 Gb;
- 4) желілік карта кемінде 100 Mbps;
- 5) NCA Layer-мен жұмыс істеуді қолдайтын барлық заманауи браузерлер, pdf оқу;
- 6) қорғалған арнаға қосылу;
- 7) ЭЦК-ны сақтау үшін түрлі құрылғыларымен (оның ішінде биометриялық оқырманмен немесе веб-камерамен) жұмыс жасауға арналған орнатылған драйверлер;
- 8) техникалық құралдардағы ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарын сақтау мақсатында Интернетке шығуға қолжетімділікті толық алып тастау.

Құқық қорғау, арнаулы
мемлекеттік және өзге де
органдардың ақпарат алмасу
жүйесінен мәліметтерді
қалыптастыру, оларға
қолжетімділік, оларды
пайдалану, сақтау, қорғау және
жою қағидаларына
5-қосымша

нысан

"**Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесіне**" (бұдан әрі – ҚАО ААЖ) қолжетімділікті ұйымдастыруға электрондық өтінім №_____

Қызметтік міндеттерді орындау үшін ҚАО ААЖ төменде көрсетілген параметрлер бойынша қолжетімділікті ұйымдастыруды сұраймын

Арыз иесінің деректері Тегі, аты, экесінің аты (ол болған кезде)(толық) Жеке сәйкестендіру номірі (ЖСН)	
Арыз иесінің жұмыс орнытуралы мәліметтер Ұйымның атауы Сотка дейінгі тергеудің СДТБТ ұйымының коды: Құрылымдық бөлімше: Лауазымы:	
Арыз иесінің байланыс деректері Жұмыс телефоны:	

Ұялы телефон:

E-mail:

Жұмыс мекенжайы:

"Есептер" немесе "Санкциялау" функционалына қол жеткізудің қажетсіздігі (прокуратура органдарының қызыметкерлері үшін)

Есептер

Санкциялау

Әрекет түрі:

Тіркеу

Орнын ауыстыру

Бұғаттау

Бұғаттау немесе жою себебі _____

ҚАО ААЖ-ны пайдалану құқықтары туралы келісумен таныстым және келісемін.

Менің Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбамның болуын растаймын.

Менің дербес деректерімді ҚАО ААЖ-да тіркеу үшін беруге рұқсат беремін.

20 ____ жыл " ____ " _____ /

қолы

Арыз иесінің басшысы: _____

лауазымы

/ МП

Т.А.Ә (ол болған кезде)

қолы

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қолжетімділік, оларды пайдалану, сактау, корғау және жою қағидаларына 6-қосымша нысан

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін қолдану пайдалану шарттарына келісім

Ескеरту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.07.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

1. Пайдаланушы, тұлғада _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде),
лауазымы _____

(мемлекеттік органның атауы)

қызметкері болып табылатын пайдаланушы танысты және құқық қорғау
органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалану шарттарына келісімге (бұдан әрі –
келісім) төмендегілер туралы өз келісімін береді:

1. Келісімнің мәні

2. Осы Пайдаланушы келісім құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де
органдардың ақпарат алмасу жүйесінің операторы және пайдаланушысы (бұдан әрі –
ҚАО ААЖ) арасындағы өзара қатынастарды реттеуге арналған.

3. Пайдаланушы ҚАО ААЖ-да тіркелген, ҚАО ААЖ-га қолжетімділік құқығы
берілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де
органдардың қызметкері болып табылады.

4. Келісім пайдаланушының ҚАО ААЖ-да тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. ҚАО ААЖ-ны пайдалана отырып, пайдаланушы осымен ҚАО ААЖ-ның есепке
алу жазбасына қатысты құқықтарға ие болу фактісін растайды және осы пайдалану
талаптары келісімнің төменде келтірілген ережелеріне сәйкес міндетті болып табылады

1. Жалпы ережелер

6. ҚАО ААЖ пайдаланушыларға олардың қолжетімділік құқықтарына сәйкес
ақпаратты алуға сұрау салу жіберу мүмкіндігін ұсынады.

7. Пайдаланушыға қолжетімділік құқығын ҚАО ААЖ-ның операторы (Қазақстан
Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті) ҚАО ААЖ-ға қолжетімділікті ұйымдастыруға арналған
электрондық өтінімнің және пайдаланушының атынан пайдалану келісімі негізінде
береді.

8. ҚАО ААЖ – ға кіру Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы
орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі-ЭЦК) және көп факторлы
аутентификация арқылы пайдаланушының ЭЦК және биометриясын (саусақ іздерін
немесе Face ID) немесе тіркеу кезінде пайдаланушы көрсеткен ұялы телефон нөміріне
жіберілетін SMS-кодты тексеруді қоса алғанда жүзеге асырылады.

ЭЦК-ны алуды пайдаланушы "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында дербес жүргізіледі. Файлдың жүйеде ЭЦК арқылы ҚАО ААЖ-ға кіруге жол берілмейді.

9. Оператор ҚАО ААЖ-ны әкімшілендіруді жүзеге асырады.

2. Пайдаланушиның құқықтары мен міндеттері

10. Пайдаланушы:

1) қолжетімділік құқықтарына сәйкес ақпаратты алуға;

2) ҚАО ААЖ арқылы алынған ақпаратты тек қызметтік мақсатында және Қазақстан Республикасының заңнамасында және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шенберінде ғана қолдануға құқылы.

11. Пайдаланушиның міндеттері:

1) ҚАО ААЖ арқылы ақпарат туралы тек қызметтік мақсатта сұрау салу;

2) жұмыс орнында ұзақ, екі айдан астам болмаған жағдайда өзінің есепке алу жазбасын бұғаттауға электрондық өтінім беру;

3) бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бір тәулік ішінде басқа лауазымға немесе бөлімшеге ауысу себебі бойынша пайдаланушиның құқықтары өзгерген жағдайда, ҚАО ААЖ порталы арқылы электрондық өтінім жіберуге құқылы;

4) ҚАО ААЖ арқылы алынған ақпараттың құпиялышының сақтауға міндетті;

5) ҚАО ААЖ-ны Қазақстан Республикасының заңнамаларын және халықаралық шарттарды қасақана бұзу мақсатында пайдаланбау;

6) ҚАО ААЖ-ны интернетке шығатын дербес компьютер арқылы пайдаланбау;

7) пайдаланушиға белгілі құпия ақпаратты жария етпеу және ЭЦК-ны басқа адамдарға бермеу;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Бірыңғай талаптарды (бұдан әрі – бірыңғай талаптар), сондай-ақ құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою Қағидаларында көрсетілген талаптарды сақтау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 21 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31702 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - Қағидалар).

3. Оператордың құқықтары мен міндеттері

12. Оператор:

1) егер ҚАО ААЖ-ға қолжетімділікті ұйымдастыруға берілген мәліметтер дұрыс емес, толық болмаса, пайдаланушының ҚАО ААЖ-ға қолжетімділігіне рұқсатты тіркемеуге және бермеуге;

2) пайдаланушыға ҚАО ААЖ-ға қолжетімділікті жабуға немесе уақытша бұғаттауға құқылы:

пайдаланушылардың Қағидаларда көрсетілген Бірыңғай талаптар мен талаптарының бұзған;

пайдаланушыны жұмыстан шығарған, қызметінен босатқан жағдайда.

13. Оператордың міндеттері:

1) сұратылған ақпаратты алудың занылышы бөлігінде бақылауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 34-бабының 5-бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, пайдаланушылар және олар жүргізген сұрап салулар туралы жеке ақпаратты таратпау.

4. Құпиялыштық туралы ереже

14. ҚАО ААЖ арқылы алынған барлық ақпарат құпия болып табылады және тек қызметтік мақсатта пайдаланылады.

15. ҚАО ААЖ-ның пайдаланушылары мен операторлары болып табылатын адамдар құпиялыштықты сақтауды қамтамасыз етеді және "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-3-бабының талаптарын бұзуға жол бермейді.

16. Келісу туралы растауға ҚАО ААЖ-ның пайдаланушысы ЭЦК-мен қол қояды.

17. Пайдаланушының осы Келісімнің ережелерін бұзуы ҚАО ААЖ-ға қолжетімділікті уақытша тоқтата тұруға немесе мүлдем жауып тастауға, пайдаланушының есепке алу жазбасын жоюға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта тартуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Құқық қорғау, арнаулы
мемлекеттік және өзге де
органдардың ақпарат алмасу
жүйесінен мәліметтерді
қалыптастыру, оларға
қолжетімділік, оларды
пайдалану, сақтау, қорғау және
жою қағидаларына
7-қосымша

нысан

Төтенші жағдайлар журналы

1. Серверлікте орналасқан жабдық айтарлықтай закымдалған жағдайдағы әрекеттер:

№					
---	--	--	--	--	--

p/c	Әрекеттер	Қажетті уақыт (Жауапты адам max)	Басталу күні мен уақыты	Аяқталу күні мен уақыты
-----	-----------	----------------------------------	-------------------------	-------------------------

2. ОА орын-жайларының ішінәра зақымданған жағдайдағы әрекеттер:

№ p/c	Әрекеттер	Қажетті уақыт (Жауапты адам max)	Басталу күні мен уақыты	Аяқталу күні мен уақыты
-------	-----------	----------------------------------	-------------------------	-------------------------

3. Өрт дабылы жағдайдағы әрекеттер:

№ p/c	Әрекеттер	Қажетті уақыт (Жауапты адам max)	Басталу күні мен уақыты	Аяқталу күні мен уақыты
-------	-----------	----------------------------------	-------------------------	-------------------------

4. Кондиционерлер істен шыққан жағдайдағы әрекеттер:

№ p/c	Әрекеттер	Қажетті уақыт (Жауапты адам max)	Басталу күні мен уақыты	Аяқталу күні мен уақыты
-------	-----------	----------------------------------	-------------------------	-------------------------

5. Электр қуатының істен шыққан кездегі әрекеттер:

№ p/c	Әрекеттер	Қажетті уақыт (Жауапты адам max)	Басталу күні мен уақыты	Аяқталу күні мен уақыты
-------	-----------	----------------------------------	-------------------------	-------------------------

6. Су басқан жағдайдағы әрекеттер:

№ p/c	Әрекеттер	Қажетті уақыт (Жауапты адам max)	Басталу күні мен уақыты	Аяқталу күні мен уақыты
-------	-----------	----------------------------------	-------------------------	-------------------------

Қазақстан Республикасы

Бас Прокуроры

2023 жылғы 13 қантардағы

№ 21 Бұйрыққа

2-косымша/

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 151 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12786 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндеттін атқарушының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 82 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының

құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесінің 12-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20920 болып тіркелген);

3) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндеттін атқарушының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 17 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесінің 6-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22206 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК